

«Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің» №14 негізгі жалпы білім беретін мектеп ММ Қазақстан халқының бірлігі күні -1мамырға арналған «Бірлік пен келісім» онлайн сабақты жүргізу туралы ақпарат

Сабақ өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизм, жоғары мәдени-рухани құндылыққа, Қазақстанның мәдениетін және тарихын құрметтеуге тәрбиелеуге бағытталған.

Сабақтың мақсаты- халық бірлігінің құндылығын, отбасы мен жақындарының, әрбір адамның амандығын, жауапкершілігін сезінуге ықпал ету.

Қазақстан халқының бірлігі күні аясында "Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің №14 жалпы білім беретін негізгі мектебі" ММ-де 2020 жылдың 30 сәуірде "Бірлік пен келісім" 31 онлайн сабақ дайындалып, өткізілді, оған 562 оқушы белсенді қатысты. "Бірлікпен келісім" онлайн сабағын ұйымдастыру кезінде педагогтармен әртүрлі формалар қолданылды: бейне-презентация, суреттер сайысы, сынып сағаты, викторина, таным сағаты, бейнематериал, видеобайланыс бойынша онлайн қарым-қатынас.

Осы іс-шараны өткізу барысында әр халықтың өз Отаны деп санайтын біздің елімізге ерекше көңіл бөлінді. Ал олардың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрлері еліміздің қайталанбас келбетін, байлығын құрайды. "Бір халық" - бұл барлық ұлттық мүдделерге ортақ. "Бір ел" - бұл біздің ортақ Отанымыз. "Бір тағдыр" - бұл біз өткен және жеңіске жеткен қиындықтар мен жеңістер! Бұл біздің ортақ келешегіміз – берекелі және гүлденген Қазақстан!». Біз әр түрлі ұлт өкілдері, біз әр түрлі діни наным мен әр түрлі мамандық өкілдері. Бірақ бізді біріктіретін және жақындастыратын ортақ зат бар. Біз бір мемлекеттің азаматтары, біз-қазақстандықтар және барлығымыз бейбіт аспан астында өмір сүргіміз келеді. Қазақстан өз шаңырағының астында әр түрлі ұлт өкілдерін біріктірді.



